

## Француз Республикасының Президенті Николя Саркозидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 6 қазандағы N 142-ө Өкімі

Француз Республикасының Президенті Николя Саркозидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2009 жылғы 5 - 6 қазанда Астана қаласында Француз Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

1) қосымшаға сәйкес Француз Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне "1 +10" форматы бойынша қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын ;

2) сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін .

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Француз Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты құзетуді қамтамасыз етсін .

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Француз Республикасының Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақта техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми түскі ас кезінде концерттік бағдарлама

## Ұ Й Ы М Д А С Т Ы Р С Ы Н .

6. Астана қаласының әкімдігі Француз Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, баратын орындарда бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Француз Республикасының Президентін қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *K. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2009 жылғы 6 қазанды  
N 142-ө кіміне  
қосымша

**Француз Республикасы ресми делегациясының мүшелерін қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Француз Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласында "1+10" форматы бойынша қонақ үйге орналастыру, тамактандыру және оларға көліктік қызмет көрсету .

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласында қонақ үйге орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапар бағдарламалары, автомобилдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Француз Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың атынан Француз Республикасының Президенті Н. Саркозидің құрметіне Астана қаласында қабылдаулар (таңғы, түскі, кешкі астар) ұйымдастыру.

6. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесейлар сатып алу.

7. И-шаралар өтетін орындарды гүлмен безендіру.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету .

9. Француз Республикасының ресми делегациясы мүшелерімен және олармен бірге жүретін тұлғалармен ресми және бейресми кездесулерді өткізу барысында аудармашылардың қатысуын қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК